

## "Бюджеттік мониторинг жүргізу нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 30 қарашадағы № 629 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 30 қазандағы № 1193 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 31 қазанда № 19540 болып тіркелді

### БҰЙЫРАМЫН:

1. "Бюджеттік мониторинг жүргізу нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 30 қарашадағы № 629 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14623 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 11 қаңтарда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін: көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бюджеттік мониторинг жүргізу нұсқаулығында: 39-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) облыстық бюджеттен бөлінген және респубикалық бюджеттің трансфертері ( кредиттері) есебінен іске асырылып жатқан нысаналы ағымдағы трансфертердің, дамуга арналған нысаналы трансфертер мен кредиттердің іске асырылу мониторингінің нәтижелері туралы есепті:

есепті айға – есептіден кейінгі айдың 6-і күнінен кешіктірмей;

есепті жылға – есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 20 қаңтарынан кешіктірмей осы Нұсқаулыққа 16-қосымшаға сәйкес 2-НТА нысаны бойынша ұсынады.";

40-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"40. Облыстың, респубикалық маңызы бар қала мен астананың бюджетті атқару жөніндегі уәкілдеп тәртіптері бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілдеп тәртіптері:

1) респубикалық бюджеттен бөлінген нысаналы ағымдағы трансфертердің, нысаналы даму трансфертері мен кредиттердің іске асырылу мониторингінің нәтижелері туралы есептерді:

есепті айға – есептіден кейінгі айдың 8-і күнінен кешіктірмей;

есепті жылға – есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 25 қаңтарынан кешіктірмей осы Нұсқаулыққа 18-қосымшаға сәйкес 2-НТО нысаны бойынша;"

2) өткен қаржы жылында бөлінген және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша түгел пайдалануға рұқсат етілген респубикалық бюджеттен берілген

нысаналы даму трансфертерін ағымдағы жылы түгел пайдалану нәтижелері туралы облыстың, республикалық маңызы бар қала мен астананың бюджетті атқару жөніндегі уәкілдегі органының есебін:

есепті жылға – есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 25 қаңтарынан кешіктірмей осы Нұсқаулыққа 19-қосымшага сәйкес 3-ТПО нысаны бойынша ұсынады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қала мен астананың бюджетті атқару жөніндегі уәкілдегі органдары есептерді жасау кезінде республикалық бюджеттен бөлінген бюджеттің бекітілген, нақтыланған және түзетілген сомаларының дұрыс көрсетілуін қамтамасыз етеді және республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттардың игерілмеу себептерін талдауды жүзеге асырады.

Нысаналы ағымдағы трансфертердің, нысаналы даму трансфертері мен кредиттердің іске асырылу мониторингінің нәтижелері туралы есептерді ұсыну үшін белгіленген мерзім демалыс (жұмыс істемейтін) күнімен сәйкес келген жағдайда есептер одан кейінгі бірінші жұмыс күні ұсынылады.";

көрсетілген Нұсқаулыққа 16 және 18-қосымшалар осы бүйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті (З.А. Ерназарова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бүйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің  
Бірінші Орынбасары - Қаржы министрі

А. Смаилов

КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігінің

Статистика комитеті

Қазақстан Республикасы  
Премьер – Министрінің  
Бірінші орынбасары –  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің

2019 жылғы 30 қазандағы

№ 1193 бұйрығына

1-қосымша

Бюджеттік мониторинг

жүргізу нұсқаулығына

16-қосымша

## Әкімшілік деректер жинауга арналған нысан

\_\_\_\_\_ жылғы жағдай бойынша облыстық бюджеттен бөлінген және респубикалық бюджеттен берілетін трансфертер (кредиттер) есебінен іске асырылатын нысаналы ағымды трансфертерді, нысаналы даму трансфертерін және кредиттерді іске асыру мониторингінің нәтижелері туралы аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органының есебі

Есепті кезең

жылдар

Индекс: нысан: 2-НТА

Аудан (облыстық маңызы бар қала) атауы: \_\_\_\_\_

Білдіретін тұлғалар тобы:

Ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар:

Қайда ұсынылады жоғарыда тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға

Мерзімділігі: ай сайын

Ұсыну мерзімі:

есепті айдан кейінгі 6-інші күнінен кешіктірмей және есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 20-інші қанчарынан кешіктірмей.

Бюджеттің түрі: \_\_\_\_\_

мың теңге

| ББЭ | Бағдарлама | оның ішінде<br>инвест жоба | Атауы                                 | РБ ____ ж.<br>бекітілген<br>бюджет | РБ ____ ж.<br>нақтыланған<br>бюджет | РБ ____ ж.<br>түзетілген<br>бюджет |
|-----|------------|----------------------------|---------------------------------------|------------------------------------|-------------------------------------|------------------------------------|
| 1   | 2          | 3                          | 4                                     | 5                                  | 6                                   | 7                                  |
|     |            |                            | Нысаналы<br>трансфертердің<br>барлығы |                                    |                                     |                                    |
|     |            |                            | оның ішінде:                          |                                    |                                     |                                    |
|     |            |                            | Ағымдағы<br>бағдарламалар             |                                    |                                     |                                    |
|     |            |                            | ...                                   |                                    |                                     |                                    |
|     |            |                            | Д а м у<br>бағдарламалары             |                                    |                                     |                                    |
|     |            |                            | ...                                   |                                    |                                     |                                    |
|     |            |                            | Кредиттер                             |                                    |                                     |                                    |

## кестенің жалғасы

## кестенің жалғасы

## Ауданның, облыстық маңызы бар қаланың

## бюджетті атқару жөніндегі

уәкілдегі органының басшысы \_\_\_\_\_

(қолы) (қолды таратып жазу)

Ескертпе: Осы Нұсқаулықтың 42-тармағына сәйкес осы нысан бойынша түсіндірме

Қазақстан Республикасы

Премьер – Министрінің

Бірінші орынбасары –

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2019 жылғы 30 қазандагы

№ 1193 бұйрығына

2-қосымша

Бюджеттік мониторинг

жүргізу нұсқаулығына

18-қосымша

## Әкімшілік деректер жинауга арналған нысан

\_\_\_\_\_ жылғы жағдай бойынша республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы ағымды трансфертерді, нысаналы даму трансфертерін және кредиттерді іске асыру мониторингінің нәтижелері туралы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органының есебі

\_\_\_\_\_ қаржы жылындағы

есепті кезең

Индекс: нысан:2-НТО

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың атауы: \_\_\_\_\_

Білдіретін тұлғалар тобы:

Ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган:

Қайда ұсынылады: бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға

Мерзімділігі: ай сайын

Ұсыну мерзімі:

есепті айдан кейінгі 8-інші күнінен кешіктірмей және есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 25-інші қаңтарынан кешіктірмей.

Бюджеттің түрі \_\_\_\_\_

мың теңге

| ББӘ | Бағдарлама | о н ы н<br>ішіндеинвестжоба | Атауы                                 | РБ ____ ж.<br>бекітілген<br>бюджет | РБ ____ ж.<br>нақтыланған<br>бюджет | РБ ____ ж.<br>түзетілген<br>бюджет |
|-----|------------|-----------------------------|---------------------------------------|------------------------------------|-------------------------------------|------------------------------------|
| 1   | 2          | 3                           | 4                                     | 5                                  | 6                                   | 7                                  |
|     |            |                             | Нысаналы<br>трансфертердің<br>барлығы |                                    |                                     |                                    |
|     |            |                             | оның ішінде:                          |                                    |                                     |                                    |

|  |                               |  |  |
|--|-------------------------------|--|--|
|  | Ағымдағы<br>бағдарлама<br>лар |  |  |
|  | ...                           |  |  |
|  | Даму бағдарлама<br>лары       |  |  |
|  | ...                           |  |  |
|  | Кредиттер                     |  |  |

## кестенің жалғасы

## кестенің жалғасы

| Есептік кезеннің аяғына орындалмаған сомасы (11-баған -8-баған) | Есептік кезеннің бюджет каражатын үнемдеу барлығы (17-баған +18-баған +19-баған) | оның ішінде  |                     |                 | есептік кезенге игерілмей (15-баған -16-баған) |
|---|--|--|---------------------|-----------------|--|
|   |  | мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша каражатты үнемдеу | ЕТК бойынша үнемдеу | өзге де үнемдеу |  |
| 15  | 16   | 17   | 18                  | 19              | 20   |
|   |  |  |                     |                 |  |
|   |  |  |                     |                 |  |
|   |  |  |                     |                 |  |
|   |  |  |                     |                 |  |

## кестенің жалғасы

| ОНЫҢ ІШІНДЕ ИГЕРІЛМЕУ СЕБЕПТЕРІ  |  |   |                  |    | Бір жылға күтілетін Есепті кезеңде игерілмей себептері |
|--|--|---|------------------|----|--|
| Тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) өнім берушілерінің орындашыншылықтары | Мемлекеттік сатып алу бойынша өтпеген конкурстар | ББӘ бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) басқаруы | Озге де себептер |    |  |
| 21   | 22   | 23  | 24               | 25 | 26   |
|  |  |   |                  |    |  |
|  |  |   |                  |    |  |
|  |  |   |                  |    |  |

Бюджетті атқару жөнінде уәкілетті

органның басшысы

(қолы) \_\_\_\_\_ (қолды таратып жазу)

Облыстың, республикалық маңызы

бар қаланың және астананың бюджетті атқару

жөніндегі уәкілетті органының басшысы

(қолы) \_\_\_\_\_ (қолды таратып жазу)

Ескертпе: Осы Нұсқаулықтың 42-тармағына сәйкес осы нысан бойынша түсіндірме

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК